



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
Халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, 4-15 сәуір, 2022 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научной конференции
студентов и молодых учёных
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
Алматы, 4-15 апреля 2022 г.

MATERIALS
International Scientific Conference
of Students and Young Scientists
«FARABI ALEMI»
Almaty, 4-15 April 2022



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан 4-15 сәуір, 2022 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2022 жыл

МЕЖДУНАРОДНОЕ ФАРАБИЕВСКОЕ ЧТЕНИЕ

Алматы, Казахстан 4-15 апреля 2022 года

МАТЕРИАЛЫ

Международной научной конференции

Студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 4-15 апреля 2022 года

INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 4-15 april, 2022

MATERIALS

International Scientific Conference of

Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 4-15, 2022

Алматы

«Қазақ университеті»

2022

Следующая так называемая «репрессированная» перепись населения СССР из-за сложных исторических условий была проведена в 1937 году. Она стала единственной в истории СССР однодневной переписью. Результаты переписи, которые свидетельствовали о демографических потерях в результате голода и миграции, были объявлены «вредительскими», организаторы арестованы и репрессированы, а сами материалы засекречены. Чудом частично сохранившиеся материалы переписи были опубликованы лишь в 1990 году. Подробный анализ истории проведения переписи населения 1937 года представлен в работе А.Г. Волкова «Перепись населения 1937 года: вымыслы и правда» [5]. Общие итоги переписи представлены в сборнике документов и материалов, составленном В.Б. Жиромской и Ю.А. Поляковым [6]. Отдельно опубликованы материалы по национальному составу населения СССР по республикам, краям, областям по материалам Всесоюзной переписи населения 1937 г., имеющие важное значения для нашего исследования [7].

Следующие переписи населения проводились в 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 годах. После распада СССР переписи населения проводились уже независимыми союзными республиками бывшего СССР. В Казахстане, например после обретения Независимости было проведено три переписи населения – в 1999, 2009 и 2021 годах.

Литература:

1. Архивные фонды Первой всеобщей переписи населения Российской империи 1897 года // Режим доступа: <https://arch1897.histcensus.asu.ru/>
2. Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 года. - [СПб.], 1897 - 1905. // Режим доступа: <http://elibrary.spbl.ru/ru/nodes/12632-pervaya-vseobshchaya-perepis-naseleniya-rossiyskov-imperii-1897-goda-spb-1897-1905>
3. Первая всеобщая перепись населения Российской Империи 1897 г. Распределение населения по родному языку, губерниям и областям // Режим доступа: http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/rus_lan_97.php
4. Первая Всесоюзная перепись населения 1926 года. // Режим доступа: <https://www.prilib.ru/section/682310>
5. Волков А. Г. Перепись населения 1937 года: вымыслы и правда // Режим доступа: http://www.demoscope.ru/weekly/knigi/polka/gold_fund08.html
6. Всесоюзная перепись населения 1937 года: Общие итоги. Сборник документов и материалов / Сост. В.Б. Жиромская, Ю.А. Поляков. — М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2007. — 320 с.
7. Национальный состав населения СССР по республикам, краям, областям по материалам Всесоюзной переписи населения 1937 г. // РГАЭ. Ф. 1562. Оп. 329. Д. 145. Лл. 918. // Режим доступа: <http://docs.historyrussia.org/ru/nodes/47599-natsionalnyy-sostav-naseleniya-sssr-po-respublikam-krayam-oblastyam-po-materialam-vsesoyuznoy-perepisi-naseleniya-1937-g>

МУЗЕЙ КЕҢІСТІГІНДЕГІ «ВИЗУАЛДЫ БЕЙНЕ»: НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ, КӨРСЕТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ, ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Калиева Б.Т

Абай ат. ҚазҰПУ, 6D011400-Тарих мамандығының докторанты

Ғылыми жетекші т.ғ.к., доцент Далаева Т.Т.

Бүгінгі күні ақпаратты алуда, көру арқылы қабылдау, есту арқылы қабылдаудан гөрі тиімдірек деген тезис, енді даулы емес. Белгілі бір визуалды бейнелерде берілген және дыбыстық мәтінмен толықтырылған ақпарат тезірек қабылданады және толық түсініледі. Бұл ересектерге де, балаларға да қатысты. Визуалды бейнені зерттеу объектісі ретінде әлеуметтанушылар, өнертанушылар, педагогтер зерттейді.

Әлеуметтанушылар «визуалды бейнені» келесі негізгі белгілеріне қарай сипаттайды: ең алдымен, «визуалды деректерге» тоқталып, «визуалды әдісін» көрсетіп, одан кейін жалпы фото-фоно, кино құжаттарына қарай саралап, жалпы мағлұмат беріп оларды зерттейді. Сондай жұмыстардың бірі ретінде Печурина А.В. атап өтуге болады. Өзінің «Визуализация социальных исследований: новые данные или новые знания?» атты мақаласында әлеуметтанушы ретінде негізгі мәселе ретінде визуалды әдістерін, тарихына және фото-кино

құжаттарға мән берілген [1]. Пирогов С.В. өзінің «Горизонты исследований визуального» [2] атты мақалада визуалды бейнелердің әдіснамалық мәселелерін анықтап көрсетіп, визуалды бейнелердің әлеуметтік функцияларының жүйесіне тоқталған. Келесі жұмыс Дягилева Н.С., Журавлева Л.А. «Методологические основы применения визуального метода в социологических исследованиях» [3] атты мақалада қазіргі кезде жалпы қоғамның негізі ол визуалды бейнелерге толы және оның бірнеше түрімен сипаттап атауға болатындығы жайлы аталып, солардың бірі ретінде фото суреттерге мән беріліп, оларды жіктеп көрсеткен. Бұл жұмыстарға тоқталудың негізгі себебі, «визуалды бейнені» музей кеңістігінде ашып көрсетуге негізделеді.

Өнертанушылар, мәдениеттанушылар «бейнелердің мәдениеттану тарихы» және «мәдениетаралық коммуникация» теориясына негізделген «визуалды бейнені» зерттейді. Сондай жұмыстардың бірі ретінде Чистякова В.О. «Визуальная антропология в системе Cultural Sciences» [4] атты мақаласында, мәдениет өзінің санасына визуалды (көру), аудиалды (есту) және тактильді қабылданатын фактілер арқылы көрсетеді. Ивашенко Т.С. «Визуальная антропология в системе гуманитарного знания» атты [5] мақаласында антропологиялық бейнелердің мәдениетаралық коммуникациялар үрдісінде өзектілігі көрсетіліп, мәдени диалогтарға негізгі мән берілгендігін көруге болады.

Педагогтер оқыту мен тәрбиелеу үшін көрнекі материал жасау және пайдалану жолдарын зерттейді. Педагогтерді «оқу процесінде ең алуан түрлі визуалды материалмен қалай жұмыс істеу керек?» - деген сұрақ қызықтырады. Музей өткен мен бүгінгі күннің көпірін жалғастыратын, сол арқылы балалар мен жас өспірімдердің патриоттық санасын қалыптастыруға ықпал ететін «терезе» болады. Бүгінгі таңда мектеп «музей кеңістігінде» сабақ жүргізу арқылы «визуалды бейнені» қалыптастырудың маңыздылығын көрсете алмай отыр. Өзіміз білетіндей, егер оқушыларды музейге апарып, сол жерде белгілі бір тақырып аясында сабақты жүргізсек, онда олардың бойында көру арқылы қабылдау қалыптасып, өтілген тақырыпты бойынан өткізіп, сезіне алатындығын көрсете аламыз [6]. Музей педагогикасы - музей ісін тәрбие жүйесі ретінде қарастыратын музейтану, педагогика және психологияның тоғысқан жеріндегі ғылыми пән; сонымен қатар мәдени (көркемдік) тәжірибені музейлік ортада педагогикалық процесс арқылы беруге бағытталған заманауи музейдің ғылыми-практикалық қызметінің саласы [7].

Музей кеңістігіндегі визуалды бейне – белгілі бір дәуірдегі тарихи оқиғалардың кескін форматындағы көрінісі (құжаттардың көшірмелері, сызбалар, фотосуреттер, деректі фильм кадрлары, деректі және көркем фильмдерден жеке эпизодтар, хроника, өткен кезеңнің киножурналдары және басқа да сақталған құжаттар). Мысалы, «М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі көрнекі бейнелердің келесі түрлерін ұсынады [8]: I бөлмеде – Жетісу өңірінен табылған ең алғашқы археологиялық қазбаларды көруге болады. Сонымен қатар сақ дәуіріне жататын Есік қаласы маңынан табылған «Алтын киімді» адам бар. II залда – негізгі атап өтетін ол ортағасырлық қалашықтарды экспонаттар бейнесінде көрсетіп, сол кезеңге жататын қыш құмыралар, мәдениет, өнерін бейнелеп қойған. Сонымен қатар адамдарды көрсетіп, олардың үстіндегі киімдері ортағасырлық кезеңді бейнелеп тұрғандай сипатталған. III-залында көшпелі өмір салтын кешкен қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі және XIX-XX ғасырлардағы Жетісу халқының рухани және мәдени өмірі, экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайы туралы баяндалады. Фото суреттер ретінде сол кезеңге жататын Жетісулық танымал тұлғалар бейнеленіп, сол кісілердің әдеби мұрасы қойылған. Сонымен қатар, осы кезеңде ұстаған заттары заттай түрінде көрнекілік ретінде залда тұр. IV-залында аталған кезеңдегі қоғамдық-саяси ахуалға байланысты заттар қойылып, ашаршылықты көрсететін экспонаттар қойылған. Музей экспозициясында осы өңірден шыққан талантты өнер тұлғаларының деректі материалдары көрсетілген. V-залы «Тәуелсіз Қазақстан» деп аталып, негізгі визуалды бейне ретінде ұлттық рәміздеріміз, еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмірі және қызмет жолдары көрсетілген. Алматы облысы бойынша экспонаттар қойылған.

Визуалды бейнелердің осы түрлерін көрсету технологияларына тоқталсақ. Дәстүр бойынша музейлерде белгілі бір тақырыптарға арналған деректі материалдардан тұратын экспозициялар, экономикалық даму, саяси тарихтағы өзгерістер, мәдениет жетістіктері, белгілі тұлғалар сияқты нақты тақырыптарға жеке стендтер жасалды.

Бүгінгі күні музей тәжірибесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, бейне және кинопрезентациялар, цифрлық технологияларды қамтитын заманауи технологиялар белсенді түрде қолданылуда. Жаңартылған тұрғын үй, тұрмыстық тірлік, ыдыс-аяқ, құрал-саймандар, өткеннің күнделікті өмірінен алынған тұрмыстық және өнеркәсіптік кескіндеме үлгілерін көрсету, жоғалған тарихи ескерткіштерді, сәулет нысандарын цифрлық реконструкциялау үшін цифрлық технологияларды қолдану өзекті болуда.

Балалар мен ересектерді тәрбиелеуде музей жәдігерлерін, тарихи өткенді бейнелеудің визуалды бейнелерін пайдалану әдістемесін қолдану. Келушілермен музей жұмысының дәстүрлі форматы экскурсиялар өткізу болып табылады, олардың презентациясы лекцияларға ұқсас. Музей кеңістігін пайдаланудың тағы бір әдісі – музейдің өзінде оқушыларға сабақ ұйымдастыру. Үшінші нысанды әр түрлі жастағы балалармен өз туған өлкесінің тарихын зерделеу, қолөнердің белгілі бір түрлерінің тәжірибесін жаңғырту, жергілікті қолөнер шеберлерінің қолөнер бұйымдарының көрмесін ұйымдастыру, былғарыдан, жүннен, үлбірден, зергерлік бұйымдардан және т.б. тұрмыстық бұйымдарды көрсету арқылы әр түрлі үйірмелер жұмысы деп атауға болады.

Қорыта келгенде, Музей кеңістігіндегі «визуалды бейненің» жалпы тарихнамасына тоқтала отырып, негізгі түрлері құжаттардың көшірмелері, сызбалар, фотосуреттер, деректі фильм кадрлары, деректі және көркем фильмдерден жеке эпизодтар, хроника, және басқа да сақталған құжаттарды көрсетіп, көрсету технологияларын ішіндегісінің бүгінгі өзектілерінің бірі ол виртуалды саяхат, қолдану әдістерінің ішіндегі ең маңыздысы ол әрине де – музей ішінде сабақ ұйымдастыру деген жөн. Демек, жоғарыда атап өткеніміздей көру арқылы қабылдау бұл бүгінгі күннің ең тиімді жолы ретінде көрсетіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Пирогов С.В. Горизонты исследований визуального // Вестник Томского государственного университета. Философия. Социология. Политология. 2013. № 4 (24). С. 124-130 // <https://cyberleninka.ru/article/n/gorizonty-issledovaniy-vizualnogo>

2 Печурина А.В. Визуализация социальных исследований: новые данные или новые знания? [Электронный ресурс] // Социологический журнал. 2007. № 3. Электрон. версия печат. публ. – URL: http://www.isras.ru/files/File/Sociologymagazin/Socmag_03_2007/04_Pechurina.pdf // <https://cyberleninka.ru/article/n/vizualizatsiya-sotsialnyh-issledovaniy-novye-dannye-ili-novye-znaniya>

3 Дягилева Н. С., Журавлева Л. А. Методологические основы применения визуального метода в социологических исследованиях // Философия и методология науки // Вестник Челябинского государственного университета. 2012. № 4 (258). Философия. Социология. Культурология. Вып. 23. С. 75–79. // <https://cyberleninka.ru/article/n/metodologicheskie-osnovy-primeneniya-vizualnogo-metoda-v-sotsiologicheskikh-issledovaniyah>

4 Чистякова В.О. Визуальная антропология в системе Cultural Sciences. Вестник РГГУ. Серия «Философия. Социология. Искусствоведение». 2014. №14 (136). С. 200-214 // <https://cyberleninka.ru/article/n/vizualnaya-antropologiya-v-sisteme-cultural-sciences>

5 Иващенко Т.С. Визуальная антропология в системе гуманитарного знания. Вестник угроведения. 2015. №3 (22). С. 63- 69. // <https://cyberleninka.ru/article/n/vizualnaya-antropologiya-v-sisteme-gumanitarnogo-znaniya>

6 Музейлердің мәдени-ағарту қызметінің нысандары. «Музей – білім беру кеңістігі Мұражай білім беру кеңістігі ретінде // <https://iwbe.ru/kk/british-monarchs/formy-kulturno-obrazovatelnoi-deyatelnosti-muzeev-konceptsiya.html>

7 Митриковская М.С. Музейная педагогика в школе // Молодой ученый. — 2016. — Вып. 113. — С. 1154–1157.

8 М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі <http://museum.zhetisu.gov.kz/>

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ

БАЯНДАМАЛАР/ДОКЛАДЫ

СЕКЦИЯ №1

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ / АЛЬ-ФАРАБИ И АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОВРЕМЕННОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ / AL-FARABI AND TOPICAL ISSUES OF MODERN NATIONAL HISTORY

1.1 ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ / ВОПРОСЫ ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ/ QUESTIONS OF THE HISTORY OF THE KAZAKH STATEHOOD

Есенгелдіқызы Қ. Қожа Ахмет Яссауидың “Диуани хикмет” атты еңбегінің құндылықтары.....	3
Асқарова Ә. Әл-Фараби шығармаларындағы адами құндылықтар.....	4
Маралов Ә. Бату хан: тарихи портреті.....	5
Sabugaliyev A Введение реформы 1891 года в Степном крае.....	6
Saiynov D Реформы 1867-1868 годов: общее и различия	7
Бейсенқұл А Л.Н. Гумилев «Этногенез және жер биосферасы» еңбегіне талдау.....	8
Малиновская Р. В. Политико-правовая система Золотой Орды: особенности трансформации и развития.....	11

1.2. А.БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ АЛАШ МҰРАСЫ/ НАСЛЕДИЕ А. БАЙТҰРСЫНОВА И АЛАША/ THE LEGACY OF A. BAITURSYNOV AND ALASH

Ботанов Д. Религиозные представления Казахов на основе трудов Ч.Валиханова.....	14
Берікбаева Н. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Ашаршылықтың зардаптары.....	15
Қуаныш Н. Қ.Жұбанов – XX ғасырдың басындағы педагогика саласының кәсіби маманы.....	17
Естай О. Қытай Халық Республикасындағы қазақтар: әлеуметтік-экономикалық жағдайлары (1949-1962 жж.).....	19
Каржавова С. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: себебі мен салдары.....	21
Abdraimov T. Культурное наследие Ахмета Байтурсынова.....	23
Магавина Л. Алаш зиялылары мен олардың болашақ ұрпаққа қалдырған мұрасы.....	24
Өмірзақ Н. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан әйелдерінің майдандағы ерлігі (1941-1945жж.).....	26
Аманжолова А. Қазақстанға депортацияланған шешен және ингуш халықтарының тарихы (XX ғасырдың 30-50ж.).....	27
Алхименкова А. «Освоение целинных земель» В учебных пособиях по истории Оренбургской области для общеобразовательных учреждений.....	29
Мұхамедияр П. Жүмекен Нәжімеденов Лирикасы.....	30
Әмірғазина А. Алаштың біртуар азаматы – Ахмет Байтұрсынов.....	32

СЕКЦИЯ № 7

МУЗЕЙ ІСІ ЖӘНЕ ЕСКЕРТКІШТАНУ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР / МУЗЕЙНОЕ ДЕЛО И ПАМЯТНИКОВЕДЕНИЕ: ОТЕЧЕСТВЕННЫЕ И МИРОВЫЕ ПЕРЕДОВЫЕ ОПЫТЫ / MUSEUM AND MONUMENTAL STUDIES: DOMESTIC AND WORLD ADVANCED EXPERIENCES

Төлеубай Г. Балқаш қалалық тарихи-өлкетану музейі: мәдени және ағартушылық қызметі	265
Ерболатқызы Ж Ыбырай Алтынсарин мемориалды-педагогикалық музейі.....	267
Садығожа А. Жаңа технологиялардың музей ісінде алатын орны.....	368
Естай Ж. ҚР Орталық мемлекеттік музейіндегі Тәуелсіз Қазақстан тарихына арналған экспозиция.....	270
Садық Ш. Жаркент қаласындағы музейлік нысандардың мәдени және ағартушылық қызметі.....	272
Ерболатқызы Ж. Каллиграфия өнері.....	274
Бәйдібек Н. Қазіргі заман музейлік педагогикалық технологиялар.....	275
Гамидова С. Каталог как источник реконструкции выставки музыкального и церковного искусства в Лондоне, 1892г.....	277
Ерболатқызы Ж. Реставрация ісіндегі инновациялар.....	278
Кемелхан А. Ежелгі Бозоқ қалашығының даму тарихы.....	280
Бертай А. Яд Ва-шем музейі және 1933-1945 жылдары нацистік Германия жүргізген холокост саясаты.....	282
Мәдікүл Б. ZOOM Венадағы балалар мұражайы.....	283
Мәлік Д. Музей экспозициясындағы ат әбзелдері.....	285
Серикбаева М. Ескерткіштерді музейлендіру және аймақтағы мәдени мұраны пайдалану.....	286
Стряпунин И. Научное наследие М.Е. Массона и музейное дело Казахстана.....	288
Төлеубай А. Балалар өміріндегі музей педагогикасының алатын орны.....	289
Берікқызы Н. Қазіргі таңдағы еліміздің балалар музейін дамытудағы шетелдік тәжірибелер.....	291
Шипунова К. Стратегия продвижения аккаунтов вузовских музеев в социальных сетях.....	293
Томилова Е. Горные пейзажи в живописи Ж. Шарденкова.....	294

СЕКЦИЯ № 8

ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ / СОВРЕМЕННЫЕ ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ / MODERN THEORETICAL AND METHODOLOGICAL PROBLEMS OF HISTORICAL SCIENCE

Құрбанбай Ә. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қазақстанда болған әскери тұтқындар тарихы.....	296
Ниязов А. Кеңес Одағының батыры Талғат Бегельдиновтың жауынгерлік жолы (1941-1945жж.).....	297
Рахатұлы Е. Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы аштық.....	299
Жаркен С. П. Скрыплев экспедициясының ерекшелігі және зерттелу мәселесі.....	300
Калкабаева Т XIX-XX ғасырдың басындағы қазақ әдеби шығармаларының тарихи бағыттары.....	302
Бекетай Қ Дешті Қыпшақтағы Алаш Баһадүр билігі.....	304
Джиеналиева К Вклад Еркина Мергенова в развитие скульптурного искусства Казахстана.....	305
Бүркітбай Д Ұлттық кодты нығайтудағы Қазақстанның киелі жерлерінің рөлі.....	307

Естай О. Қазақ диаспорасының тарихы:қиыншылықтары, мәселелері, болашағы.....	426
Тілеу А. Кеңес нұрпейісов-алаштанушы ғылым.....	428
Нағашалы М. «Ортағасырлық қазақстандағы сәулет өнерінің ескерткіштері: тарихи сипаты және ерекшеліктері ».....	430
Бердіқұл М.М. Методический потенциал песенных жанров в преподавании истории казахстана.....	431
Сағатов А. Количественные данные о тюркских народах в казахстане в XX веке-документы и материалы.....	432
Калиева Б.Т. Музей кеңістігіндегі «визуалды бейне»: Негізгі түрлері, көрсету технологиялары, қолдану әдістері.....	433
Ізгілік Б. Әлихан бөкейханов және жер мәселесі.....	436
Караева Ж. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен қызыметінің алматылық кезеңі.....	437
Қаракұл А. Ахмет Байтұрсынұлының тіл біліміне қосқан үлесі.....	439
Тайбек А. Алаш қозғалысы және дін мәселесі.....	440